

С.Оразалин атындағы ЖОББМ-нің волейбол үйірме жетекшісі Дошаев
Алматтың 2021-2022 оқу жылына талдамасы.

2021-2022 оқу жылында тамыз айында №1 педагогикалық кеңістің хаттамасымен волейболдан ер балаларға үйірме бөлінді. Барлық 20 бала қамтылды.34 оқу аптасына барлығы 102 сағатқа жоспар құрылды. Оқу бағдарламасы 8 бөлімнен тұрады. **I. Теория-7 сағат.** Теория – оқушыларға волейбол ойыны, тарихы туралы толық мәліметтер беру. Волейбол ойыны АҚШ-тың Массачусетс штатында пайда болған. **II. Дене дамыту жаттығулары -16 сағат** Жалпы және арнайы дене дамыту жаттығулары. **III. Допты ойынға қосу-21 сағат** Оқушыларға допты астынан, үстінен беру, допты астынан үстінен қабылдау, секіріп үстінен ойынға қосу техникаларын үйрету. **IV. Шабуыл жасау-13 сағат.** Оқушыларға 4,3,2 аймақтардан шабуыл жасау және екінші сызықтан шабуыл жасау әдістерін үйрету. **V. Қорғаныс әдістері-15 сағат.** Оқушыларға алдыңғы сызықта қорғану, тосқауыл қою, 1,6,5 аймақтарды қорғануды үйрету. **VI. Алаңда орналасуы-12 сағат** Оқушылардың алаңда орналасуы және барлық аймақтағы міндеттері. **VII. Ойынға дайындық -14 сағат** Оқушыларды ойынға техникалық, тактикалық дайындығын пысықтау, ойын ережесімен ойнау. **VIII. Жарыстарға қатысу 4 сағат** «Спартакнада», «Мектеп лигасы» т.б түрлі деңгейдегі жарыстарға қатысу.

Аптасына 3 сағаттан сәрсенбі-бейсенбі күндері болады. Осы оқушылармен техника қауіпсіздік ережесін түсіндірдім. Волейбол ойынының тарихы ойынның негізгі ережелерімен таныстырдым. Қыс бойы ықшамдалған ережемен волейбол ойнатып жұмыс жасадым. 2021-2022 оқу жылында Ә.Дәрменов, Т.Г.Шевченко атындағы жалпы орта білім беретін мектептерге жарысқа бардық. Ә.Дәрменов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 5 орынға іліктік және Т.Г.Шевченко атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 4 орын алдық.